
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Сайран ЭБУШӘРІП

Тас (жоғарғы-энолит) темір ғасырларындағы прототүркілердің біргұтас антропо-мәдени және шаруашылық жүйесі

В статье рассматривается антропо-культурная и хозяйственная система прототюрков в каменном (верхнекаменном и энеолите) и железном веках.

Bu makalede eski türklerin tas ve demir asrlardaki insan kültür ve sosyal hayatı hakkında bilgi verilmektedir tahsil yapılmıyor.

Соңғы палеолитте Европа тұрғындарында (кроманьондық адам) европеоидтық нәсіл, Оңтүстік Жерорта теңізі аймағында – негроидтық, Шығыс жерлерінде – монголоидтық нәсілдік белгілер ерекшеленеді. Ал, біздің жеріміздө тұранойдтық нәсілдің қалыптасқандығы белгілі [1].

Магия да – аңшылардың дүниеге қатынасы негізінде жоғарғы палеолитте пайда болған алғашқы жоралғы – сенім. Көптеген авторлар магия ең ежелгі сенім еді дей келе, оның әрекетпен байланысты екеніне баса назар аударады. Аңшылық магиясында адамның олжасына тап беріш, оны ұстап алу практикасы қайталанады. Мұны жай ғана машиқтану деуге болмайды, өйткені жасанды бұл әрекет нағыз шындықтың өзіне баланыш, оқиғаның мағынасы мен барысын табиғи күйінде ойнасп - орындауга бағытталады. Бұл әрекет «жанды» деуге келмейтін әдет, мейрам және ойын түсін алып, мұнда адам мен қоршаған орта тұтасып кеткен. Магияда, мысалы күннің шығуы мен батуы, өсімдіктің өсіп шығуы, қараңғылықтың түсуі сияқты табиғат құбыльстары қайталанатын-ды. Мұны Австралия жергілікті тұрғындарының тұрмыс салтынан көруге болады. Олар европалықтар бұл жерге келген кезде (палеолиттен мезолитке) өтпелі дәуірді бастаң кешіруде еді [2]. Дж.Фрезердің айтқанында, табиғат пен адамдарға әсер ету мақсатында қолданылатын магиялық, тылсымдық әдістер объектінің фигурасы немесе бейнесіне қаратылады-мыс. Ал бөлік бүтінге тен деп есептелінетін магиялық әрекетте бейнелеу үдерісі талаап етілмейді, бірақ дуаланатын заттың бір бөлігі (шапы, киімі, сілекейі, т.б.) алынып, әрекет объектісіне айналады [3]. Жоғарғы палеолит ұжымдық бейсаналықтың негізгі рәміздерін – архетиптерін тудырган дәуір. Осы дәуірде тіл де пайда болған. Б.Ф. Поршневтің шікірінше, антропогенезде еңбек емес, коммуникативтік өзара әрекеттесу басты рөл ойнаған [4]. Басқа экологиялық теориялар бойынша, тіл табиғи – климаттың және аңшылық қауымының тұрмыс салтының өзгеруіне байланысты пайда болған. Суық ауа райында аңшылыққа өту мен байланысты бүйрек берудің рөлі арта түсіп, тіл осылайша қалыптаса барған-мыс. Еуропада ең алдымен жануарларға атау беру үдерісі белең алып, мұның өзі үнгілердегі немесе құралдардағы бейнеленулерде көрінісін тауыш, бұдан 25-15 000 бүршінші жылдарда (ал

біздің жағдайымызда бұдан 60-50 000 жылдарда болуы керек деп тоштылаймыз) басталған. Одан кейін заттар атауларға ие болды. Ал Еуропада адамдарды бейнелеу үдерісі, зерттеушілердің шікірінше, мезолитте мұз еріп қайық ойлаап табылып, керамикағы орнаменттер пайда болған кезеңге тұра келеді.

Алystағы өткен мәдениеттеріміздің сырлы да жұмбақты болыш көрінген нышандарын шырамытып, олардың іздерін мәдениетіміздің кейінгі үлгілерінен байқай аламыз. Бұл кезеңде жоғары палеолитте тұрақты жергілікті ерекшеліктер сипатын алған шаруашылық – мәдени типтер төбе көрсеткен. Бұлар кейінректе тарихи өркениеттердің негізін құраган. Эрине, неолиттен егіншілік, мал шаруашылығы, ұлken тұрақты мекендер, тайшалық және ұлыстық одақтардың төбесі анық көрінді. Ал, біздің жоғарғы палеолиттік менталитетіміздің нобайын жобалаң, деп басып айту қын. Жергілікті аймақтар мәдениеттерінің негізінде, тұнғысында қазіргі заманың бейсаналығының нышандары жатқан болса да, олар біздің назарымыздан тысқарыда, жасырыныш қалған. Дегенмен де соңғы 30-20 мыңжылдық бедерінде тұрғындардың физикалық тұрпаты, тұрмыс салты, көркемдік стильдерінің сабактастығы көрінген, олай болса бұл ретте өзіміздің регионымызда антропо-мәдени жүйенің орныққандығы жөнінде сөз қозғауға болады.

Ең ежелгі адамдардың мекен-жайларынан көптен-көп табылған тас құрал-жабдықтар өткен ең ежелгі тарих жөніндегі жыл санаудымыздың, классификациялаудымыздың, жорамалдаудымыздың қайнар көзі болыш қызмет еткен. Орта және жоғарғы палеолит шебінде нағыз адамның (*Homo sapiens*) өмір сүргендігін зерттеушілер тілге тиек етуде. Бұл дәуірде тас және басқа құралдардың көбейген үстінен көбейе барып, олардың құрамы өзгере түсті: құралдардың ұшына сына қағылып, немесе басқа бөлшектер – өткірлеу келген үштар кигізілп орнатыла бастаған еді. Жоғарғы палеолиттің басты әлеуметтік жаңалығы некелік қатынастардан ең жақын туысқандарды шығарып тастау – экзогамия болды. Иннеске (қан араласуына) тиым салу некені қоғамдық жағынан реттеуді талаң етіш, ендігі жерде ру мен отбасы пайда болды. Демек, жоғарғы палеолит – адамзаттың мәдениет деп аталған тоштастырушы – ынтымақтастарушы байланыстардың тиісті деңгейіне көтеріле алған дәуір [5]. Сана, тіл, дін, өнер гоминидтердің 3-4 миллиондық эволюциясының акырында күшті бір тәңкерістің нәтижесінде бір уақытта пайда болған деген шікір айтылуда. Рәміздік дәстүрлер тараған жерде, адами түсініктің пайда болуы үшін қажетті материал мен жағдай бар жерде мәдениет басталады.

Археологиялық мәдениет бір уақытта, белгілі бір территорияда пайда болған материалдық ескерткіштердің бірлігін, бірдейлігін білдіреді. Бірак осынау ескерткіштердің иегерлерінің этнографиялық, әлеуметтік,

Әбушәріп С. Тас (жоғарғы-энолит) темір ғасырларының...

психологиялық түршатын археологиялық емес фактілер жәрдемінде құрастыруға болады.

Ғылымда үндіевропалық немесе үндірандық мәдениет дең қате қабылданған далалық мәдениет Тұранда пайда болып, оны мыңдаған жылдар бедерінде далалықтар-прототүріктер ғана жаратқан. Ол Евразияның барлық региондарына тарады. Бұл жерде алғаш рет қоғам топ-ташқа бөлініп, алғашқы қауымдық құрылыш ыдыраш жеке мемлекеттер пайда болған [6].

Тұран мәдениеті мен тілі өзінің бастауыш жоғарғы шалеолит дәуірлерінен алады. Бұл жөнінде С. Қондыбайдың еңбегінде айтылған [7].

Археологтардың Қазақстан жерінен тапқан көптеген жәдігерлерінің көрсетіл отырганындағы, бұл жердің тұрғындарының өндірістік белсенелілігі олардың шаруашылық негізінің ғана емес, дүниеге қатынасы, адамдық құрылымы мен тәртібі, эстетикалық-этикалық дәстүрі мен мағынасындағы аңшылық өркениеттің көрінісі болып табылады. Жыртқыш аңдарды аулаумен айналысып, ірі де қауіпті жануарларды қолға түсіру үшін үздіксіз қажырлы құрес жүргізіш келген шалеолит тұрғындарын қалайша әлсіз деуге болады? Аңдардың артынан түсіп, күшті жүрген адамдар қуатты да төзімділік танытып, «жыртқыштық» күшке ие болуы туіс еді [3].

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алған күннен бастан рухани бастауларының көзін ашып, өркениетті әлемнің озық ойларынан нәр жинап, бүгінгі күн талабына сай рухани жаңғыруды мақсат етіп отыр. Бүгінгі күннің талабына сай болу үшін мәдени-өркениеттің бәсекелестік “сахнасында” өздігінді және өзіндегінді жоғалтыш алмай езге мәдениеттер даярлаған мол мұраны, сондай-ақ түркі халықтарының бәріне оргақ болған құндылықтарды жатсынбай пайдалана білген жән. Жаңару, жаңғырту халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған тарихи мұрасы мен тәжірибелесін мансұқтау емес, оларды заман талабына сай өзгерте отырып, кәдеге жарату деген сөз. Модернизация басқа тошырақта өнгеннің бәрін өзінің жеріңе жай ғана, механикалық түрде көшіре салу емес және оған ұлттық мәдениеттің өміршөң жақтарын сақтай отырып, өзгенің өрнек өркениетінен де нәр алып, ілгерлей даму жатады.

Осы орайда біз кімбіз? Тамырлана өскен шоқ ағаштай секілді болған түркілер өркениетінің ерекшеліктері қандай? Түркі бастауымыз қалайша және қай жерлерде тамыр жайған? Қайда, қалай және қандай құндылықтарды малданыш бара жатырмыз деген қаумалаған сұрактарға жауап беруге тұра келеді.

Ед алдымен жұмысымында түріктердің тас дәуірінен бастан Кектүріктерге дейінгі аралығындағы өркениетті бір қарастырыш алу мақсат етіп қойылған. Себебі осынау дәуірлерде түріктер өркениетінің, тарихының, дүниетанымының, олардың жалпы этникалық ерекшеліктерінің бастауы, тұш қайнарлары жатыр. Осы дәуірлердегі тарих пен мәдениет қалайша қамтылып қарастырылса түріктердің кейінгі кезеңдерінің өркениеті де сол із бен арнада қамтылатын болады. Түріктердің ежелгі тарихын біз этникалық топтарға

бөліп-бөліп қарастыруды мақсат етіп қоймаймыз. Себебі, регионалдық айырмашылықтар мен ерекшеліктерді қуалап кету жағдайдың шын мәнінің бұрмаланыш көрсетілуіне жол апсып, түріктердің аргы ата-бабаларының ойкумендік, мәдени және т.б. біртұастығын көзден тасада қалдырады да, бұл мәселеғе шынайы көзқарастың қалыштасуына сызат түсіреді. Басқапа айтқанда, мұндай ыңғай біздің жалшы түркілік және түркологиялық принциптеріміз бен бағыттырымызға керегар. Деректерден, еңбектерден, азыз-әпсаналардан, дастандардан түріктердің аргы тұл-тұқияны мекендеген региондардан біртекті мәдени-шаруашылық типті, өзара əсерлесуді, ұқсастықты, жақындықты, сондай-ақ жалғастықты, тамырластықты, сабактастықты іздестіру жұмысыныңдағы басты бағыты болмақ.

Материалдық мәдениеттің руханилықпен тұйысқан түсінан түріктік феномен басталады. Руханилық орын алған жерден этностық ерекшелік басталмақ. Ол тіл, діни сенім-нанымдар, этникалық территория, дәстүрлер, əдет-ғұрыштар мен этникалық психологияны қамтиды. Осындай жағдайда этнотип мен этникалық өзіндік сана шайда болады. Алғашқы кезеңдерде этностық болмыс ру, кейінрек тайпа және ұлыс түрінде көрініс береді. Әрине, бұған этнографиялық және этникалық топтардың да қатысы бар. Демек, түріктік феномен рулық (аналық және аталық) кезеңнен белең алды деу дұрыс болар еді. Ал аналық қатынастар Түркістан жерінде сонау неандерталдықтар мен ескі адамдар заманынан қалыштасқан болуы керек. Олай болса, соңғы палеолиттен түріктер ата тегінің рулық қатынастары мен ерекшеліктерінің кейбір элементтерін іздестіруге болатын сияқты. Бірақ мұны жалғыз археология мен антропология ғана анықтай алады деуге болмас. Археологтар еңбектерінің көшпілігі заттық деректер мен фактілерді тауыш, көрсетуге ғана арналған сияқты. Рас, оларда байырғы тұрғындардың шаруашылығы мен құрал-жабдықтары жақсы-ақ сипатталған. Ал олардың рухани мәдениеті мен этникалық топтарының қатынасы, өркениеті мен діни сенімдеріне (әлеуметтік қатынастарына жерлеу ғұрыштары және т.б. жәдігерліктер бойынша анықтама берілген) жеткілікті мән берілмеген. Археологиялық деректерде тарихи тұлғалар мен тарихи оқигалар көмекі көрінісін тауыш жатады. Бұл жерде этнография, тарих, философия, мәдениеттану, дінттану, фольклордан хабары бар, олардың мағлұматтарын ұптастыра білген, интуициясы өткір, ойлау қабілеті мығым, түрікшілдік жағынан жүргегінде оты бар, түркілік болмыс пен мұраларды жан-тәнімен сезінетін және қастерлейтін мамандар болса мәселенің басын ашуға біраз септесер еді.

Сондай-ақ, таңбалар мен туларды қарастырудың да маңызы зор деп білеміз. Осыған қаржы ажыратылса түріктік феноменнің бірсыныра қырсыны ашуға мүмкіндік туylар еді. Бұл мәселе бойынша Зейнолла Самашев кандидаттық диссертация қорғаған. Сондай-ақ, Рогожинский осынау мәселемен айналысып жүр. Айта кету керек, Максимова мен Трофимовының

Әбушөріп С. Тас (жоғарғы-энолит) темір ғасырларының...

“Визуальные надписи урочища Тамгалы” (Алматы, 1985) атты және Марғұланың еңбектері баршылық. Таңба мәселесі Шекерім, М. Тынышшаевтың еңбектерінен де орын алған. Бұдан тысқары, ерте замандардағы төл түркілік сакралдық ұғымдар, дәстүрлер мен мотив-символдарды анықтаудың да маңызы зор. Осыларды зерттеуге біліктілігі жететін 3-4 маманнан тұратын зерттеу тобы құрылса иғі іс болар еді.

Жалпы алғанда, тас, неолит, қола және темір дәуірлерінде өмір сүрген адамдардың материалдық мәдениеті, шаруашылығы, тілі, діні, таңбалары, топонимикасы, эпонимі, этнонимі, олардың сүйектерінде генетикалық ерекшеліктерінде қазіргі қазак, қыргыз, өзбек, түркмен және басқа түркі халықтарына жақындығы анықталса, олардың қайсы этникалық қауымның өкілдері болғанына жауап табылар еді, арғы замандардағы біздің ата-бабаларымыздың қайсы этникалық қауымдастыққа жатқандығы анықталар еді.

Бұл ретте қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеу методологиясына қатысты ойын этнограф ғалым Ж. Артықбаев былай тұжырымдайды: «Евразия даласы көшпенділердің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-магынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшшелі қоғамның өмір сүру негізінде қабылданбайтың, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшеміне сай келмейтін ерекше мәдениет қалышасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. *Берінен бурын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс*»[8].

Біздің қатты үстанған қағидамыз халық тарихы мен өркениет тарихының қилюласу түрғысы. Өйткені, шынайы тарихты және өркениетті біз Ресейдің әйгілі тарихшысы А.М. Карамзин айтқандай: «Тарих– халықтардың қасиетті кітабы, олардың тұрмыс-салты мен тіршілігінің айнасы, жан дүниесі мен әдел-ғұрпышының көне естелігі, ата-бабаларының қалдырған өситеті», – деп түсінгенде ғана дұрыс бағалай аламыз.

Адамзат өзінің есу жолында көптеген шығармашылық іс-әрекеттер кезеңдерін басынан өткериш, құндылықтарын жаратып отырған. Бұлар, әрине өркениеттік жасампаздықтың нәтижелері. Бірақ қоғамның кемеліне енген шағында жаратқан құндылықтары өркениет дамуының деңгейін көрсетсе керек. Соңдықтан да көптеген зерттеушілер түркі өркениетінде генезисін Түрік қағанатының құрылуы мен руничалық жазудың пайда болуымен байланыстырады. Олардың жалпы түркі тарихы мен өркениетінде өрлеуінде осы ауқымды да маңызды ролін терістеуге болмас, әлбетте. Әйтсе де, Ю.Худяковтың тауып айтқаныңдай, көнетүркілік этнос пен мәдениеттің өмір сүруінде аяқталуы және көнетүркілік мұраның өзге көшшелі этностардың

мәдениеттерінде сақталыш қалынуы ерте және дамыған орта ғасырларға тұра келеді.

Қоп, дұрыс-ақ делік, бірақ бұл кезеңдерге дейін-ақ түркілік этностар өмір сүрген және олардың өркениеті мен этникалық тұгастығының бастаулары болған гой. Тарих барысында құндылықтардың сақталыш қалынбауы немесе өшіп кетуі белгілі бір халықтың көне мәдениеті өмірде болмаған деген тұжырым жасауға негіз бола алмайды. Біз Түркілік тұгастықты осы ізден барыш қарастыруға дең қоямыз. Әлбетте, бұған оң көзben немесе құдіктене қарайтын авторлар да жоқ емес. Э.Тайлордың өркениетке берген анықтамасы бойынша, оны жекеленген адам мен бүтін бір басты қоғамды жоғары бір деңгейде үйімдастыру арқылы олардың ізгіліктілігі мен қуатын күштейтуге, бақытты өмір сүруіне жәрдемдесу мақсатында, жалпы адамзат тегін жетілдіруге қаратылған іс-әрекет деп білу керек [9]. Бұл ретте түркі өркениеті туралы деректерді сөйлөтер болсақ, ең басты назар аударап жәйт, олар – алғашқы бастаулар. Бұл жөнінде Джеймс Джордж Фрэзер былай деп жазады: “В конечном счете мы не так уж отличаемся от этих первобытных людей, и многим из того истинного и полезного, что так бережно сохраняем, мы обязаны напрям грубым предкам, накопившим и передавшим нам по наследству фундаментальные представления, которые мы склонны рассматривать как нечто самобытное и интуитивно данное. Мы как бы являемся наследниками состояния, которое переходило из рук в руки столько раз, что изгладилась память о тех, кто заложил его основание, поэтому нынешние обладатели читают его своим изначальным и неотъемлемым достоянием. Более глубокое исследование должно убедить нас в том, что большей частью этого состояния мы обязаны своим предшественникам” [10]. Шынында да мыңдаған жылдық тарих қойнауынан тамыр тартып біздерге дейін жеткен алғашқы нағымдар, жоралар, рәсімдер мен ою-әрнектер кейінгі дүниежүзілік діндердің негізі болыш қаланғандығын біріміз біліп, біріміз білмесіз.

Жалпы алғанда, адамзат тарихында тамақ табу, табиғаттың стихияларынан қорғануға қажетті киім-кешек пен баспаңаға ие болу үшін басталың, жалғасқан талшыныс бүгінгі күнге дейін толастаған емес. Қай заманда және қай қауымда болмасын адамдардың іс-әрекеті өмір сүру, аман қалу үшін қажетті нығметтерді іздең тауыш немесе өндіріш, кәдеге жаратумен байланысты өрбіген.

Ең алдымен А.П.Деревянко есімді зерттеушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым Академиясының 1998 жылы өткен сессиясында жасаған “Казахстан – колыбель древнейшей цивилизации” атты бағындағасына оқырманның назарын аудармақшыны. Онда қазіргі қазақтардың арғы ата-бабалары Қазақстанда 1 млн жылдан бері өмір сүріп келеді дедінген. Автор мұндай қорытындыға Қаратаудағы археологиялық ескерткіштерді сараптамалардың нәтижесінде келген болатын. Шынында да

Әбушәріп С. Тас (жоғарғы-энолит) темір ғасырларының...

бұл тұжырымды [11] растайтын деректер мен еңбектер барышылық. Д.Ш.Рессерат пен В.А.Рано Орга Азияда тас дәуіріндегі (850000 жылдары) жергілікті тіршілік иелерінің өмір сүргендігі жөнінде жазады [12].

Байсын тауының Тешік-Таш, Әмір Темір және Мачай үңгірлерінен неандертальдықтардың мекен-жайы, ал Самарқанд қаласының жанынан олар тұтынған тас құралдар табылды. Ондағы 8-9 жасар баланың склеті жақсы сақталынған. Бала арнағы қазылған шұңқырға жатқызылып қабірдің айналасына тау ешкісінің мүйіздері тізіліп қойылышты “Қопқар мүйіз” алтайлық орнаменттен орын алып, сақ-скиф дәуірінен бері кең тараған мотив, Тау ешкісінің стильдік бейнеленуі Орталық Азияның көптеген көшшелі халықтарының ою-өрнектерінен орын алған белгі - нышан. Зерттеушілер Жер-Су рухымен тікелей байланыстыра қарастыруда. А.В.Эдоков деген автор қазіргі алтайлықтардың көркем мәдениетінен мықтап тұрыш орын алған ою-өрнектің түп-тамырларының ете тереңге кететіндігі, тіпті палеолиттен бастау алатындығы жөнінде жазған [13]. Гразнов және басқалары ою-өрнекті бүкіл исі түркілерге тән болған өнердің негізі деп санады. Авторлар өрнектердегі мотивтердің, әсіресе тамғалардағы рәміздердің ондаған-мындаған жылдар бедерінде сақталып қалғандығы, олардың Сібірдегі тұшықсалары неолит кезеңіне және қола дәуіріне жататындығы анықталған жәйт жеп жазды [14]. Ю.Худяков тамға белгілерінің тау ешкісі өрнегінде берілуі көнетүркілерге тән болған жәйт деп кесіп айтады. Көнетүркілік петроглифтер мен тамғалар, – деп жазады новосибирлік ғалым, – Қола дәуірінің оргаазиялық мәдени дәстүрінен орын алған [15].

XVIII–XIX ғасырларда-ақ оқымыстылар Америкадағы үндіс және түрік тілдерінің туыстығына назар аудара бастапты. Бұл ретте Шығыс тілдерін білетін Otto Реригтің америкалық үндіс тайпаларының арасында болыш, сиулардың тіліне байланысты жинақтаған материалдары қызығылықты. Ол сиу тілін орал-алтай тілдері тобына қосуға болады дейді. – Морфологиясы тым үқсас. Екеуі де жалғамалы тілдер. Предлогтары жоқ, Фонетикасы жақын: түрік те, сиу тілдері де үндестікті заңына бағынады [16].

Бұғандері қырғын сүргіннен аман қалған сиу тайпасының 70000-дайы гана АҚШ пен Канадада өмір сүреді [17]. Бұл мәселе жөнінде түркиялық зерттеуші И.Доганның еңбегінде де айтылған.

Гәп мынада: бұдан 45000 жылдай бұрын Беринг бұғазы арқылы Америка асқан қауымдар арасында ілкі түркілік этникалық топтың өмір сүргендігі туралы штеделдік және орыс ғалымдары шым-шымдаш әнгіме таратады. Боливия мен Перуде де өмір сүрген кечуа тіліндегі көптеген сөздердің түркі тілдеріндегі ұғымдармен бірдейлігі Б.Ферейрд тараптынан дәйектелінген. Сонымен зерттеушілер Америкаға қоныс аударған үндістердің ежелгі түркітермен етene туыс екендігін анықтады. Олар Америкалық

ұндістердің зәузатының қоры А, В, С, Д және Х түрлерінен түзілетінін анықташ, мұндағы еуропалық Х түрінің қосылуын Американың тұрғылықты халқының тұп-тегінің құрылымына көне европалық нәсілдің келіш араласқанымен түсіндіреді. Сібір халықтарының, кәрістердің, тибеттіктердің, қытай-монголдардың, вьетнамдардың өкілдеріне генетикалық зерттеулер жүргізген Н.М.Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зерттеушілері (М.Захаров) Алтай-Саян өңірінен ұндістердің ең жақын жұрағаттарын тауыш берді. Барлық “америкалық” 4 ДНК түрі алтайлықтардың генінде толық құрамда бар екені және олардың ДНК-сында Х-мт сияқты нышандардың да кездескен анықталды [18].

Археология Еуразия мен Американың теріскейін қалың мұз құрсауда қалдырган аса қатты ұзаққа созылған сұықтың әсерінен бұдан бұрынғы 70000-50000 және 25000-11000 жылдар шамасында екі мәрте өткенін айтады. Соңда 50000-25000 жылдар ауқымында Батыс Сібірде күн жылымыттаныш ежелгі адамдардың ежелгі адамдардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай орнаған еді. Археологтар бұл кезеңде Орталық Азия мен оған қапталдас өңірлерде тіршілік кешіш жатқан адам жұрағаттарын ілкі гомосаенистер ретінде таниды. Фалымдар Аляскаға өтетін мойнақ 70000-50000, 45-41000, 33-10000 жылдар арасында ашылып, адамның Америка құрлығына жетуі де осы кезде жүзеге асты дегенге дең кояды [19]. Генетикалық айғақтар текіз деңгейінің төмөнделегі жөніндегі археологтар пайымдаған шамаға үйлесіш, ұндістердің арғы ата-бабаларының 45000 жылдан астам уақыт бұрын Америкаға етіп үлгергендігі нақтыланды.

Зерттеушілер 13000 жыл бұрын алтай-орал тілді қауымдардың Орталық Азияны қамти Қыыр Шығысқа дейінгі жерлерді тұтаса жайлағандығын тілге тиек етеді. Мамандар Алтай дәүірінің ж.с.д. X-II мыңжылдықтар арасын қамтитынын жазады. Бұл дәүірде алтай тілдерінің арғы түрік, арғы монгол, арғы мәнжүр, арғы корей, арғы жапон тілдеріне ыдырауы жүрді [13]. П.И. Пучков алтай тілді халық өу баста европеоид текті болғандығын, бұл ерекшелік түркі халқында көп сақталғандығын айтады.

Археологтар Орта Азиядан бастап сонау Алтайдың терістегіндегі жерлер мен Ангара алабындағы Малъта, Бурет және Байқалдың шығысындағы тұрактардағы тас құралдарының ұлғілері, фауна қалдықтары, тұрмыс-салт сілемдері және қолөнер туындыларын сараштай келе, оларды Каргин мұзаралық кезеңінде (50000-25000 жылдары арасында) ғұмыр кепкен есті адам жұрағаттарының қоныстары деп таниды [21].

Авторлардың жазуыша, орта палеолиттің соңғы жағынан бермен қарай Қап тауынан бастап, Аляскаға дейінгі алып аумаққа қанатын жайған арғы алтай-орал тілдерінде үғынысқан жүргіттар енді сол макротілдердің әрі қарай жеке-жеке тармақтарға саралану сатысын бастап өткеруде болатын. Осы ақиқаттан Кембридж университетінің археология профессоры

С.Әбушөріп. Тас (жоғарғы-энолит) темір гасырларының...

К. Ренфрюдің Тұран ойшаты мен Копетдаг жоталары аралығындағы Қарақұм қойнауындағы, келепекте Жейтун мәдениеті аясына енетін өнірлерде мұз дәуірінің соңына таяу, б.з.д. XII мыңжылдық шамасында алтайлықтар мекен етті деп тұжырым жасаған да алшақ кетпейді [22]. Бұл дәйектің өзі де дәл осы аймақта б.з.д. VII мыңжылдықтан бастап өркен жайған неолиттік Жейтун өркениетінің арғы тегі алтайлықтар үшін бөтен еместігін көрсетеді. Ал Жейтун мәдениетінің арғы төркіні Оңтүстік-Шығыс Каспий маңындағы Хоту, Балқантау жоталары мен Жебел тұрақтарындағы б.з.д. XI–VII мыңжылдықтарға тән мезолит дәуірінің тас құралдар үрдістерімен сабактаса өрбігені бұрыннан аңғарылған болатын [23].

Демек, бұл дәйектерден байышталар түйін – мезолит дәуірлерінде түп-төркінің арғы алтайлықтарға қатыстылығы айқын – геометриялық микролиттер аймағының дәстүрлері Каспийді айнала орап жатқан ойшаттардан жан-жаққа көші-кон үрдістерін жасау арқылы таралу ауқымын көздейті. Археологтар Орталық Фергана аймағындағы Обишир (12000-9000 ж.б.) және Самарқанд тұрақтары мәдениетінің жәдігерліктерінің Малъта-Буреттепен жақындығы байқалады. Фалымдар Қаратай мәдениетін де Обишир мәдениетімен ұқсастырады. Бұлардың бәрі Өмудария алабындағы Келтеминар мәдениетінің, сол арқылы Ойықты (б.з.д. VI-V мыңжылдықтар), Атбасар (VII–VI м), Маханжар (VII–IV м), Қараңғір (V м) неолиттік мәдениеттердің түзілуіне ықпалын тигізген.

Археологтар Самарқанд маңынан жоғарғы палеолиттік тұрақтардың жоғары қабатынан алынған тасқұралдар мен шалаш тәрізді баспаналарды тапқан. Джурақұловтың жазғанында [24], табылған мүрделерге қызыл жоса (қызылт-сарғыш түсті бояу тошырақ) себілген. Бұл салт мезолиттік, неолиттік, энеолиттік және андроновтық ескерткіштерге де тән болыш, жоғары палеолиттен кейінгі мыңжылдықтарда да жалғасын тауыш жатты деп айтуда болады.

А.П.Окладников Ангара жағалауындағы Буреттепен табылған тұрақтардағы мәдениет жүрнәктарының Самарқанттың ежелгі ескерткіштерімен ұқсастығы таңқаларлық деп жазған болатын. Гастон Жоржель Евразияны өз алдына дербес мәдениетін қалыптастырған тұтас ойкумен деп қарастырып, оның мәдениеті ешқашан қоспасыз төл мәдениет еді, деген.

Қазақстанның соңғы палеолиттік ескерткіштерінің (Шұлбі тұрағы) Алтай мен Сібір тұрақтарындағы бұйымдармен бірдей екендігі анықталды. Оның мезолиттік ескерткіштерінің де Оңтүстік Орал, Батыс Сібір, Шығыс Каспий өнірлерінің ескерткіштерінен елеулі айырмашылығы жоқ.

Мезолит кезіндегі Қазақстанның табылған жебенің ұзындығы 1 метр. Дәл осындағы садақтың суреті Өзбекстандағы Зарауытсайдағы жартастарда бейнеленген.

Гастон Жоржельдің айтудынша, біргұтас географиялық ойкумен – Еуразия тұргындары бұл аймаққа атланттар (яғни арийлер) келмestен бұрын-

ақ төл мәдениетін қалыптастырыш үлгерген еді. Автор оның иегерлері ретінде тұрандықтарды көрсеткен.

Ендеше, американдық зерттеуші Денис Синор мен француз тарихшысы Жан Пауль Роуж жазғандай, түркілер Ішкі Азияның далалық жерлеріне Тайга мен Тундрадан коныс аударып келмеген деп тұжыруға болады. Өйткені, б.з.б. III мыңжылдықтағы Далалық жерлерде бой көрсеткен Афанасьев мәдениетінің ыдыстары Тайга-Тундра ескерткіштеріне мұлдем ұқсамайды [25]. Ол, ол ма, археологтар Зайтберт пен Кисленконың куәлік бергеніндей, неолиттік Атбасар мәдениеті жергілікті мезолиттік тұрғындар тұрмысының негізінде қалыптасқан. Бұлардың бірсышырасында Хорезм мәдениетінің іздері сайраш жатыр (Толстов, Кисленко). Орга Азияның неолиттік Жайтун мәдениетінің Қазақстанға Шығыс Қасий арқылы тарагандығын көзінде Массон жазғантын. Ал, Қараңғірден (Тұлкібас ауданы) табылған неолиттік тұрақтар мәдениеті Өзбекстанның неолит дәуіріндегі егіншілік шаруашылығымен үштасып жатыр. Бұл б.з.д. 5000-4000-ыншы жылдықтарға тұра келеді. Неолит дәуіріндегі Алтайлық мәдениеттің Орга Азияның Хорезм және басқа аймақтарының мұрасымен шендересетіндегі жөнінде сез қозғауға болады. Афанасьев дәуіріндегі Алтай ыдыстары Сібірдікіндей және Қазақстандық пен Хорезмдік Келтеминар ыдыстарына ұқсап кетеді [26]. Бұл ретте мұрденің жатқызыла көмілуі ең көне кездегі жерлеу рәсімінің сақталыш қалғандығынан дерек береді. Ендеше, қабір үстіне топырақ немесе тас үйетін арийлердің бұл дәуірлерде (мезолит пен энеолит аралығында) Орга Азияда өмір сүргендігі жөнінде айтып жатудың өзі артықша.

Сабактастық осылайша жалғаса берген. Б.з.д. 3000 жылдықта Солгустік Қазақстандағы Виноградовка тұрағында өлтөн адамды өргеш жерлеу рәсімі болған. Қола дәуірінде өмір сүрген андроновтықтарда да осындай дәстүр күпінің сақталыш қалғандығын көрсететін археологиялық ескерткіштер көштеп табылды. Демек, мыңдаған жылдар бедерінде Ішкі Азияның жер-жерлеріндегі мәдениеттердің біртектестігі мен сабактастыры үзілмеген.

Н.Мерперт б.д.д. IV мыңжылдықтың соны мен III мыңжылдықта Днепр мен Енесей өзендерінің аралығындағы кеңістіктеге тұтаса жайғасқан көнешшүңкүр (древне-ям) мәдениетін жасаушыларды сол өңірдің автохтон жүргіттарының кейінгі үрпақтары деп біледі. Бұл мәдениетке қабір шүңкүрларының бұрыштарын кең етіп қазу, қабыргаларын ағашпен, бөренелермен шегендеу, табанына шалқасынан, не бүйірінен тізелерін бүгіп, қолдарын созып жатқызу, басын шығысқа немесе шығыс-солтүстікке қарату, қабірлерден түбі сүйір қыш ыдыстардың кездесуі, мәйіттердің сүйектері мен көрдің табанына қызыл жоса себу, шүңкүрдің бетін ағашпен, бөренелермен жабу, үстіне биік оба (қорған) үю сияқты археологиялық нышандар тән [27].

С.Әбушәріп. Тас (жоғарғы-энолит) темір ғасырларының...

Ендігі жерде Афанасьев, Көнешұңқыр, Хвалын, Келтеминар, Ботай мәдениеттері туралы деректер мен пайымдауларды, соңдай-ақ авторлардың еңбектерінен келтірілген үзінділерді Бейсембайұлының “Арғы тұрктер ақиқатының ізімен” атты кітабынан алып, пайдаланыш отырғанымызды оқырманның есіне сала кеткіміз келеді.

Афанасьев мәдениетін түзген малшы тайшалардың дәстүрі еуразиялық аймақтағы көптеген зәулім обаларда, жерлеу ғұрыптарындағы ортақ жораларда таңбаланып қалған. Бұған дейінгі кезеңде бұл жерлерде мұрделерді шалқасынан тізесін бүгіш жерлеу рәсімі болмады. Бұл белгі-нышандар б.д.д. VII мыңжылдықтардан бастап, Каспийдің онтүстік бетіндегі Жейтун сияқты отырықшылық-егіншілік оргалықтарында тарай бастаған. Жалшы бұл ерекшеліктер – шалқасынан жатқызып тізесін бүгіш жерлеу, үстіне жоса қую Сібірдегі Мальта қабірлерінде кездескен белгілі. Осының өзі Орталық және Ішкі Азияда бұл үрдістің ежелден ұласқан тарихы барлығын байқатады.

Зерттеушілер мезолит пен неолит дәуірлерінде Каспий, Еділ маңында “геометриялық микролиттердің” кеңінен тарағандығын көрсетеді. Сонымен бірге Жебел үңгірлеріндегі мезолиттік ыдыс үлгілерінің Оңтүстік Еділ мен Жайық маңының неолиттік ыдыстарымен ұқсастығы байқалған. Сүйір келген ыдыстарды аңпы-балықшы қауымдар көбірек пайдаланған.

Балқантау, Келтеминар мәдениеттерінің іздері б.д.д. VII–V мыңжылдықтарда Маңғыстаудағы Ойықты, Есіл бойындағы Атбасар, Торғай ішіндегі Маханжар мәдениеттері мен Ертіс атырабындағы неолиттік қоныстары жәдігерлерінің түзілімдерімен үйлесім табады екен.

Ерте неолиттік Хвалын мәдениетінің артефактілері (Еділ бойы) – ыдыстарының түбінің формасы, жерлеу әдістері Көнешұңқырлық (ямдық) мәдениетке де тән. Бұл үрдіс Самара мәдениетінде де қайталанады. Бұл ерекшеліктер б.д.д. V–IV мыңжылдықтарда Днепр мен Жем аралығындағы кеңістік түзіліміндегі далалық мәдениет аясына енгізілді. Б.д.д. V–IV мыңжылдықтарда Самара, Жайық, Еділ өзендері өңірлеріне тән сипаттар – микролиттер, түбі сүйір ыдыстар ұшырасады. Соңдай-ақ, осы мыңжылдықтарда Балқантау, Маңғыстаудың теріскейі, Каспий маңы, Орта Еділ өңірі тұрғындарының тығыз байланыста болғандығы көзге шалынады.

Ерте энеолиттік хвалын кезеңіндегі қабірлер үстіне оба үйілмейтін-ді. Ал, мыс-тас дәуірінде биік обалар көтерілетін болған.

Кавказдың теріскей баурайындағы Майкоп мәдениетінде (25000-2000) көнешұңқырлық мәдениет ерекшеліктерінің ұшырасқаны белгілі. Зерттеушілер Еділ-Жайық өңірлерінен шыққан арба жегу дәстүрлерінің батысқа жеткендігі туралы сөз қозғаған. Көнешұңқыр мәдениетінің ерекшеліктері мыналар: тізелері бүгілген мәйіттердің оң немесе сол қолын іш, қырынан жатқыза қабірге тас балта мен арбаларды бірдей алып көму.

Б.д.д. III мыңжылдықта Қара теңіздің теріскейі мен Еділдің төменгі ағысында Катакомда тәсілдерін ұстанған (қырынан жатқызып, жоса қүю арқылы ақымдаш — қабірдің батыс жағынан кеулең қазылған қуыс жерге жерлеу) жұрттар болды. Олар биік обалар тұргызышты. Қола дәуірінің қима мен андрон мәдениеттері кезінде көнешпүндекірліктер бастап берген дала төсінде биік оба-қорғаңдар үз дәстүрі одан әрі жалғасып, далалық сақтар мен хун жұрттарына үзілмей ұласты.

Қазақстан жерлерінде де неолит, ерте энеолиттік (хвалын, ойықты, келтеминар, маханжар) мәдениеттерін сомдаған жұрттардың дәстүрлерін әрі қарай көшшелі тұрмыс талабына сай жаңғыртушылар болғанына күмән жоқ.

Осынау мәдениеттердің Ботай (Кекшетау, Қызылжар, Қостанай атырабындағы) мәдениетінің (б.д.д. IV–III мыңжылд.) қалыптасуына еткен әсері қомақты болды. Бұл мәдениеттің өкілдерінің әлемде жылқыны алғаш қолға үйретумен кеңінен айналысқандығы жөніндегі мәліметтер бізге дейін жеткен.

1983 жылы жылқы малы алғаш рет Қазақстанда қолға үйретіліш бағылғандығы жөніндегі жаңаңық жарияланған еді. Енді, міне 2008 жылдың сөүір айында Кекшетау маңынан қымыз сақталатын ыдыс табылып, оның жасын археологтар (В. Зайберт) 6000 ж. деп белгілең отыр. Бұл – неолит дәуірі деген сөз [28]. Міне, сол дәуірдің тағы бір қомақты тарихи жәдігерлерінің (тасқа қашалып, суреті бедерленген домбыра) табылуы жоғарыда жасалған тұжырымызды нықтай түседі [29].

Ұлы Далада мезолит пен неолиттік дәуірлерде Атбасар, Маханжар, Усть-Нарын және т.б. мәдениеттер өркен жайса, энеолитте Ботай мәдениетінің әсері Минусинск ойпатында қылаң берді. Зерттеушілер Ботай мәдениетін Атбасар мәдениетінің тікелей ізбасары ретінде таниды. Ал, Атбасар мәдениетінің арғы тегі мезолиттік Балқантау, Сыр бойы, Фергана үрдістерімен сабактасып жатыр.

Ботай текстес мәдениет жол-жөнекей ықшалдасуды бастап кепшіре отырып Ертіс пен Енесей алаптарына тұяқ тірең, көнешпүндекірліктер үрдістерінің шығысындағы түрі – энеолиттік Афанасьев мәдениетінің уығын көтеруге атсалысты. Көнешпүндекірліктер мен Афанасьевтіктердің жерлеу әдісі, антропологиялық түрлері, тұтынған бүйымдары, өсірген малдары тым ұқсас.

Галымдар Афанасьев үрдістерінің Ботай, Усть-Нарын мәдениеттеріне тән жәдігерлерге жуықтайдын сипаттармен ұштасып жатқанына назар аударады [30]. Ботай жоралғылары Жейтун аясындағы қоныстарға тән жерлеу жораларына бейіл тұрады. Мысалы, мұрделермен бірге қабырганы жағалата жылқының бас сүйектері қатар қойылған, мұрделердің басын онғустік-шығысқа қаратып шалқасынан жатқызылған. Бұл көнешпүндекірлік үрдіс Ботай мәдениетіне де тән еді. Бұларда мұрдені ашып оның жанына

Әбушәріп С. Тас (жоғарғы-энеолит) темір ғасырларының...

жаңа өлгөндөрді қатар жайғастырыш және еден астын қазып жерлеу өдөті болған.

Жалпы алғанда, Ботай, Келтеминар, Оңтүстік Түрікменстандағы Геоксюр мәдениеттерінің үқсас та тұтастығы көрінеді. Ботайдың үйлер тұрғызылатын жер шеңбер немесе сегіз бұрыш (кейде төрт бұрыш) түрінде белгіленеді. Келтеминар үйлерінің шатыры күмбездеп жабылыпты. Бұл – палеолит пен неолит замандарында ұшырасатын тәсілдер. Мұндай баспаналарды археологтар неолиттік Атбасар мәдениеті аясынан да тапты. Ботайдың үйлері – күмбезді төбелі үйлер. Бұл Афанасьев, көнешпүңкүрліктардың бітімінде бар жәйт. Обаны күмбездеп үю, мұрделердің басын құн шығар жаққа қаратса көмү әдеттін, Көнешпүңкүр мен Ботай мәдениеттерінің тіршілік салттарын, олардан кейін өмір сүрген петров, андрон тайпаларының үрдістері арқылы сақ, хұн, түрік, депті-қышашақ тайпалары әрі қарай жалғастырыш әкеткен еді.

Сонымен, жоғарғы палеолит, мезолит, неолит және қола ғасырларындағы жер-жерлерден табылған археологиялық ескерткіштердің (жерленген мұрделердің) жан-жағына тау ешкісінің мүйіздерін тізіп қою, мұрделерге қызыл бояу себу, атты мұрдемен бірге көмү, бұрынғы тиктердің мұрдені сүйегінен етін ажыратып альш көмү әдеттің қырғыздарда қайталануы («Манас» бойынша) алғашқы дәстүрлер иегерлері мен кейінгі ғасырлардағы қауымдардың арасындағы байланыс туралы сез қозгауга мүмкіндік береді. Бұл тұжырымды, әсіресе ондаған мың жылдар бойы мотиві жағынан (материал мен жасалу техникасы емес) өзгеріске ұшырамай ұршақтан-ұршаққа беріліп отырған ою-өрнектер растайды.

Неолит дәуірінде Орталық Азия қауымдары жебелі садақтың жаңа түрлерін ойлаш тауып, тастандарды жаңаңпа өңдеуді менгерудің нәтижесінде біраз жетілген қаруларға қол жеткізді. Керамика пайда болды. Қола дәуірінде Оңтүстік Сібір, Алтай және Минусинск ойпатының тұрғындары металдан (алтын мен қоладан) бүйімдар жасай білді. Қола балқыту технологиясын қолдану арқылы өндірілді. Мұны құйма қола балға дәлелдейді. Сонымен бірге мал шаруашылығы және кетпенді егіншілік пайда болды.

Сақ (скиф) – сарматтардың ата-бабалары сән-салтанат бүйімдарын 6.3.б. XI ғасырдың өзінде-ақ жасай алған. Ерте замандары скифтер мәдениетінің ошағы – Алтай, Жетісу аймағы, нақ осы жерлерден осынау сән-салтанат бүйімдарының жасалу технологиясы кейінректе Тају Шығыс, Грекия мен Римге таралған. Скифтердің мәдениеті жөнінде Аржан II қорғанын зерттеген Андрей Иконников – Галицкий былай деп жазады: «Бұл кезде көне грек мәдениті ендіған пайда бола бастаған еді, Рим жөнінде сез қозғамаса да болады және тіпті Қытайдың өзі жазуды әрең-әрең менгерген еді. Ал, скиф патшалары, көшшелі тайпалар одақтарының көсемдері Египет

пирамидаларымен төндесе алатын жерлеу ескерткіштері – қабірлер қорғандарын салды. Мұның бәрі б.з.д. VIII – VII ғасырларда Оргалық Азияда қуатты державалардың өмір сүргендігін жөне тамаша мәдениеттің гүлденген кезеңдерін көрсетсе керек....» [31].

Аржан I және Аржан II ескерткіштері б.з.д. XI – IX ғасырларға жататын сақ патшасы мен оның жубайының материалдарға өте бай қабірінің 1999 ж. табылуы мәдениеттердің Шығыстан Батысқа қарай таралғандығының сөзсіз дәлелі болыш табылады. 2002 ж. Шығыс Қазақстандағы Шіліктіден б.з.б. VIII ғасырға жататын «Алтын адамның» табылуы, Сарыарқадан және Орынбордан (Қарғалы) энеолит пен қола дәүірлерінің жүздеген ежелгі мыс рудниктерінің ашылуы адам жер жүзінде алғаш рет Ежелгі Тұранда металлургия, метал өңдеуді, қола, темір және булатты (қатты болат) өндіруді менгергендігін көрсетті. Демек, сақ-скифтер мен сарматтар, аркаимдіктер – андроновтықтардың үршактары. Нәк Евразия далаларының шығыс аймақтары скифтердің де, ғұндардың да және түріктердің де мәдениеттерінің алтын бесігі болыш табылады. Қазақстандағы Шілікті №5 пен Тувадағы Аржан қорғандары – Евразия кеңістігіндегі барша скифтер қорғандарының ең ежелгілері. Олардың хронологиясы – б.з.д. XI – VII ғасырлар. А.К. Нарымбаеваның жазуынша, егер куроарак және майкоп мәлениеттерін дүниеге хурияттер әкелген болса, бұлардың өздері Қазақстан даласынан шығып, Кавказ арқылы солтүстік Месопотамияға жылжыған нақ далалықтар болатын. Археологиялық мәліметтер үндіевропалықтардың Ежелгі Қазақстан территориясына Батыстан, Шығыс Европа мен Кавказдан, сондай-ақ Оңтүстікten келгендігі жөніндегі тұжырымдаманы толығымен жоққа шығарады. Демек, материалдық (үй жапуарларын қолға үйрету, металл өңдеудің жөнін біту, қола алудың сырларын ашу, қыштан ыдысты жасауды, доңғалақты, жауынгерлік арбаны, монументалдық сөүлетті, қала салуды қолға алу) және рухани (діннің, ақыздың қалыптасуы, әліпбидің жасалуы және т.б.) салалардағы жаңалықтарды ашудың, яғни жалпы алғандағы ұлы Тұран мәдениетінің пайда болуының басты ошагы – Сары-Арқа еді.

Қола, Сақ және Хун заманындағы түркілердің мемлекетті-елді басқару жүйесі, шаруашылық-мәдени тиپтері және басқалай өмірлік дәстүрі, діні, тілі біздің заманымыздың I мыңжылдығында құрылған Күштан, Эфталит, Европадағы Хун империяларында, әрі кейінгі ғасырларда дүниеге келген түркі қаганаттары, мемлекеттері мен тайпалық бірлестіктерінде жалғасын тауыш жатты. Тіпті Шығыс ханының өзі де және оның үршактары бұл мұраны жатсынбай, қайтадан өмірге қайтарудың нәтижесінде көптеген табыстарға жетіп, әлемдік деңгей мен көлемдегі Ұлы империяны дүниеге әкеліп, Әлем халықтарына еткен оң ықпалын қамтамасыз етті. Әрине, мұның өзі, түркілердің тарихындағы ең ақырғы деп айтпайық, бірақ көз көріп, құлак естімеген соңғы өрлеу еді. Олар ендігі жерде, XXI ғасырдың өнене бойында ата-бабаларының құдіретті рухын сақтай алып, өздігін дүниеге таныта алса

Әбушөріп С. Тас (жоғарғы-энсойліг) темір ғасырларының...

игі болар еді. Бірақта оның үшін тұркілік бірлік шен ынтымақтастық заман талабына сай белең алты керек. Соңдай-ақ, бұл үдеріс тұркілік әпсаналар мен әдет-ғұрыштарды, ой жүйелері мен наңымдардың нышан-белгілерін және хатқа түсken көрнекті тарихи тұлғалардың ролін көрсету арқылы жүзеге аспақ.

Сақтар, ғұндар, эфталиттер, түрік қағанаттары мен бірлестіктерінің үстемдік еткен жағдайында империялар құрылыш, халықтардың жаһандану интеграциясына тартылып, оқшауланудан шығуына әсер етіп, мәдени өзара серлесуін құштейтті және ізгілікті тұргыдан жаңаруын қамтамасыз етті.

«Тұркістан» түрік жұртты немесе тұркі елі және түрік өлкесі деген сөз. Бұл ұлы өлкे бүкіл адамзат мәдениетінің бастау алған жері, түрік дүниесінің бесігі деп Түрік қозғалысының белгілі жетекшілерінің бірі – Абдулазиз Шыңғысханның жазғанындей, «бұл өлкे мәдениет ошағы ретінде ең көне өлкे болғандықтан да түрік тарихының әр дәүірінде жасалған мәдени ескерткіштерді өз күшағында сақташ келеді. Бүкіл түрік әлемінің ана жұртты! Түрік қағандарының, хандары мен билерінің органың мекені және мәдениетінің қайнар бұлағы болған бұл жерден бүкіл дүние құрылымдары жан-жаққа тарады» [32] Ирандықтарға қарсы соғысқан Тұркістан ханы Афрасиабтыбылай қойғанда тарихқа белгілі қағандардың ең байыргысы ұлы Оғызхан болған. Ол Тұркістандағы «Йасы» шаһарын (Тұркістан шейхы Хожа Ахмет Яссавидің жұртты) орталық ете отырып, Шын, Орта Азия, Ауғанстан мен Үндістаннан да кейбір өлкелеріне басшылық жасады. Бұл ұлы қағанның Ибраһим пайғамбар заманында өткенін тарих мәлім етеді. Базбір тарихшылар Оғыз ханның қызы Қантұра ханымның Ибраһим пайғамбармен тұрмыс құрганы туралы жазады [33].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұркі халықтарының тарихы. Тұркістан, 2004, I том, 97–112-б.
2. Никольский В.К. «Очерки первобытной культуры». М – Пг. 1924, 77-92 беттер.
3. Фрейденберг О.М. «Поэтика сюжета и жанра» (период античной литературы). Москва, 1936, 54-бет.
4. Фрэзер Дж. «Золотая ветвь. Исследования магии и религии». Москва, 1986.
5. Поршинев Б.Ф. О начале человеческой истории (Проблемы палеопсихологии). Москва, 1974.
6. Культурология. Учебное пособие ... Ростов н/Д. 2000, 128-бет.
7. А.К. Нарымбаева. «Аркаим». Алматы, 2007 ж, көлемі 30,0 б.т.
8. С.Қондыбай. Гиперборея: Түс көрген заман шежіресі. Алматы, 2003; Казахская мифология. Алматы, 2005.
9. Артықбаев Ж.О. Материалы международный Конференции. – Алматы, 1999. – С.37-38.
10. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М. 1989. – С. 36-37.
11. Фрэзер Дж. Золотая ветвь. Исследования магии и религии». Москва, 1986. – С.252.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 1-2, 2008.

12. “Түркология” журналы. Түркістан. Қырқүйек-қазан. 2002. №1, 24-бет.
13. Özkul Çobanoğlu. Türk Uygarlığının Zihniyet Kalıpları Bağlamında Türk Önyasını Yeniden Doğusunun Felsefi Temelleri Üzerine Tespitler // Учунчү миң жылдыктын босогосунда түрк цивилизациясы. Ел Аралық илмий конгресстин материалдары. 2-3 октябрь. 2000. Бишкек – Бишкек. 2003. – 102 бет).
14. Эдоков А.В. Основные элементы декоративно-прикладного искусства алтайцев // Түркология журналы. Түркістан. 2002. – 96-100-беттер.
15. Грязанов М.П. Первый Пазырыкский курган. – Ленинград. 1950.
16. Худяков Ю. Основные проблемы изучения древнетюркского культурного феномена в Центральной Азии // Учунчү миң жылдыктын босогосунда түрк цивилизациясы. – Бишкек, 2003 – С.40.
17. Жарылқап Бейсембайұлы. Арғы түрктер ақиқатының ізімен. Алматы, «Қайнар», 2006, 21-б.
18. Народы мира. 1988, 407-408-б.
19. Ж.Бейсенбайұлы. Арғы түрктер ақиқатының ізімен Алматы, «Қайнар», 2006, 29–31-беттер.
20. Бұл да сонда, 47–49-беттер.
21. Бұл да сонда, 52-бет; Пучков. // www cbook.ru.
22. Палеолит СССР, 1984; 136,147.
23. Ренфрю, 1998: 116–117.
24. Окладников, 1956 (а); 124; Массон, 1989 (а): 43; Қараңыз: Ж.Бейсембайұлы, 69-б.
25. “Самаркантская стоянка и проблема верхнего палеолита в Средней Азии”. – Ташкент, 1987.
26. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – М., 1951. – С.63.
27. Бұл да сонда, 22-б.
28. Ж.Бейсенбайұлы. 2006: 124.
29. Қазак радиосы, 2008 ж, 27-ші сәуір.
30. Кәмшат Тасболат – «Айқын». 10 қазан, 2008 ж.
31. Ж.Бейсенбайұлы, 127–128, 143–145, 149-беттер.
32. А. Иконников – Галицкий. В лучах аржанскоого кургана. // Центральная Азия. №35 – 2002. Кызыл. Республика Тыва.
33. Абдулазиз Шынғышан. Түркістан туралы. – «Түркістан» газеті, 7 тамыз, 2008 ж. (Шагатай тілінен аударған Д. Қыдырәлі).
34. Бұл да сонда.

RESUME **S.Abusharip (Turkistan)**

Antropo-Cultural and Economic System of the Proto-Turks in the Stone (Upper Eneolite) and Iron Centuries.

This article deals with antropo-kultural and economic system of the proto-turks in the stone (upper stone and eneolite) and iron centuries.